

**2019 жылдың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысында қарастырылған,  
мемлекеттік сатып алу бойынша Арқалық қаласында жүзеге асырылатын  
әлеуметтік жобалар байқауындағы сатып алу қызметінің  
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

**Лот нөмірі**

**Лот атауы: «Тәрбие және білім» бағдарламасы аясында «Жас сарбаз курсы»  
жобасын жүзеге асыру**

*Конкурстық бөлігін құрайтын құжаттар өтінімі және сапалық техникалық сипаттамалары, көрсетілетін қызмет түрлері әлеуметтік жоба ретінде ұсынылуы тиіс және төмендегідей ақпараттарды қамтиды:*

**1. Жоғарыдағы сатып алушының ұсынылған әлеуметтік жобасының мақсаттары мен лот тақырыбының сәйкес келуі.**

Ұсынылып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобасының шеңберінде, аймақта «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын аймақта іске асыру көзделіп отыр. Арқалық қаласы оқушыларының азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық сезімдерін дамыту бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру. Азаматтық бастамаларды дамыту. Тұрғындарға жобаның орындалуы туралы ақпарат беру.

**Жобаның жұмыс барысын БАҚ** – да қамтамасыз ету (2 материалды облыстық және 3 материалды қалалық БАҚ –да, 1 сюжетті қалалық арнада, қалалық әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялау).

**Жобаға тікелей қатысушылар саны - 230 оқушы, 1 жетекші** (орындаушы өкіл) және 5 маман. Бейне - күнделік жаңалықтарды, ақпараттық атласты және сайтты көрушілерді қоса есептегендегі тұрғындардың жалпы - **4 500 астам** адамды қамтуы тиіс.

**Қаржылық шығыстар жобаны жүзеге асыру үшін,** жоспардан тыс шығынды аз қажет ететін жұмыс түрінен, шығынды көп қажет ететін жұмыс түріне ауыстыру мүмкін болатындай рұқсат етілген шығындарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Жоба орындаушылардың аталған қаржы ауыстырулары негіздеме құжаттарына сәйкестендіріліп жүзеге асырылуы қажет.

**«Жас сарбаз курсы»** жобасын жүзеге асыру бойынша бекітілген шығындар кестесі шартты болып табылады.

ҰЕҰ-ның жобаларына қатысканы үшін жобаға қатысуға арналған өтінімдерде, орындаушы ретінде, ҰЕҰ қалауы бойынша таңдалған далалық лагерьлердің (лагерьдің немесе шатыр лагерьінің) орналасуына, жобаға қатысушылардың күніне төрт мезгіл тамактануды ұйымдастыруға, құрал-жабдықтар алуға және басқа да шығыстарға қатысты мақалалар мен ақша сомасы басқа болуы мүмкін.

Мердігер жоба аясындағы іс-шараға қатысушылар үшін сапалы, қызықты және пайдалы іс-шаралар үшін бөлінген қаржыны мүмкіндігінше тиімді түрде жұмсауға міндетті.

**2. Ұсынылған әлеуметтік жоба ұйымның миссиясының сәйкестігін негіздеу** (жарлық мақсаттары).

ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) жарғысына сәйкестігін негіздеу қалада және ауылда азаматтық бастамаларын дамытуға, азаматтардың патриоттық тәрбиесіне, әскери қызметті насихаттауға, кіші Отанға құрметпен қарауға басты назар аударылатын міндеттерді нақты айқындауға тиіс.

Осы жобаға орындаушы ретінде қатысуға ниет білдірген ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлға болуы тиіс.

**3. Тапсырыс берушінің салалық мамандануын ұйымдастыру миссиясын негіздеу,** ұсынылатын жоба тапсырыс берушінің салалық мамандануына сәйкес келуі, қала және ауылдық жерлерде азаматтық бастамаларды дамыту, азаматтарды патриоттық тәрбиелеу, кіші Отанға құрметпен қарау бойынша жұмыс жүргізу.

**4. Жобаны іске асыру орны:** Бұл жоба табиғатта әскери-далалық жаттығуларына жақын жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс. «Жас сарбаз курсы» жобасы балалардың сауықтыру лагерьлерінде немесе құрғақ отын мен тұщы су көздеріне жақын шатыр лагерьінде жүзеге асырылуы мүмкін. Орын таңдаудың басты критерийі Арқалық қаласынан 40 шақырымнан аспайтын жобаның аясында өткізілетін іс-шараға арналған орынның ең үлкен қашықтығы болып табылады.

**5. Жобаның орындалу мерзімі:** 2019 жылдың наурыз – қыркүйек айлары. Оқу-далалық жаттығу лагерьлерін жазда, бес күнтізбелік күн ішінде, соның ішінде қаладан шығу және қалаға қайтып оралуды есептегендегі кезеңді ескере отырып ұйымдастырылуы керек.

**6. Жобаны жүзеге асыру аясында әлеуетті алушылар қызметінің жалпы саны:**

- тікелей қамту (барлық іс-шараларға тікелей қатысушылар) **250 адамнан кем** болмауы;

- жанама қамту (жоба туралы ақпарат тарату арқылы және т.б.) **4500 адам.**

**7. Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмаларында қойылған мақсаттарға жету бойынша іс-шаралардың толық жоспары** (қызметтің атауы мен нысаны, мақсатты топ, өткізу мерзімі, елді мекенді көрсете отырып өтізілетін орынды анықтау, халықты қамту);

*Жоспар бойынша әрбір іс-шараны бөлек сипаттау қажет.*

#### **Жобаның нақты іске асырылу жоспары.**

| <b>№</b> | <b>Іс -шара</b><br><i>(түрлері мен атауын көрсете отырып.)</i>                                   | <b>Өту мерзімі</b> | <b>Өтетін орны</b><br><i>(өңірдің және елді мекеннің көрсете отырып.)</i> | <b>Нысанды топ</b><br><i>(санаты)</i>                          | <b>қамту</b><br><b>Болжамы</b> |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|---------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--------------------------------|
| 1        | Жобаның іске асыруға арналған барлық кезеңдері туралы қоғамдық тыңдау өткізу. БАҚ – да жариялау. | Мамыр              | қ.<br>Арқалық                                                             | БАҚ өкілдері, қала және ауыл мектеп оқушылары мен тәлімгерлері | 85адам.                        |
| 2        | Әскери алғашқы дайындық жұмыстарына байланысты қауіпсіздік ережелерімен таныстыру                | Мамыр              | қ.<br>Арқалық                                                             | БАҚ өкілдері, қала және ауыл мектеп оқушылары мен тәлімгерлері | 50 адам                        |



|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                   |               |                                                                |          |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------|----------------------------------------------------------------|----------|
| 3 | «Жас сарбаз курсы» ойындарын өткізуге дайындық жұмыстары                                                                                                                                                                                                                                                                         | Маусым            | қ.<br>Арқалық | БАҚ өкілдері, қала және ауыл мектеп оқушылары мен тәлімгерлері | 50 адам  |
| 4 | «Жас сарбаз курсы» ойындарын өткізуге жоспар құру                                                                                                                                                                                                                                                                                | шілде             | қ.<br>Арқалық | БАҚ өкілдері, қала және ауыл мектеп оқушылары мен тәлімгерлері | 35 адам  |
| 5 | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Саптық байқау</li> <li>- Мылтықпен ату</li> <li>- Гранаты лақтыру, кермеге тартылу, колды бүтіп жазу.</li> <li>- Әскерленген эстафета</li> <li>- Алғашқы медициналық көмек көрсету</li> <li>- Жалпы әскери толымды кию, оқ-жасақты жабдықтау</li> <li>- Жас армияшылар кросы</li> </ul> | Тамыз<br>қыркүйек | қ.<br>Арқалық | Арқалық қаласы<br>Көктау алуылы                                | 250 адам |

8. Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес болжамды шығыстар сметасы 2019 жылға арналған «Жас сарбаз курсы» жобасын іске асыру үшін **746,428 мың теңге** (жеті жүз қырық алты мың төрт жүз жиырма сегіз мың теңге) қарастырылған.

#### 9. БАҚ – да жобаны жариялауға арналған Медиа-жоспар

| № | Іс-шара немесе баяндама тақырыбы                                                                 | Т.А.Ә.                                      | БАҚ атауы                                                                                       | Басылымдар/репортаждардың жариялануын күтілу мерзімдері |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
| 1 | Жобаның іске асыруға арналған барлық кезеңдері туралы қоғамдық тыңдау өткізу. БАҚ – да жариялау. | А.Айтмағанбетов(тілші)<br>М.Жүнісұлы(тілші) | Әлеуметтік желілерде(В контакте, Фейсбук, Инстаграм<br><br>«Қостанай таңы»<br>«Арқалық хабары», | мамыр 2019 ж.                                           |

|   |                                                                                   |                                                                  |                                                                                                                                                                                      |                               |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
|   |                                                                                   | Д.Амантай(тілші)<br>А.Баймағанбетова(тілші)                      | «Торғай» газеттері.<br>Арқалық қалалық<br>теледидары                                                                                                                                 |                               |
| 2 | Әскери алғашқы дайындық жұмыстарына байланысты қауіпсіздік ережелерімен таныстыру | М.Жүнісұлы(тілші)<br>Д.Амантай(тілші)<br>А.Баймағанбетова(тілші) | Әлеуметтік желілерде(В контакте, Фейсбук, Инстаграм<br><br>«Арқалық хабары», «Торғай», «Қостанай таңы» облыстық газеттері. Арқалық қалалық теледидары                                | Мамыр-Маусым<br><br>2019 ж.   |
| 3 | «Жас сарбаз курсы» ойындарын өткізуге дайындық жұмыстары                          | М.Жүнісұлы(тілші)<br>Д.Амантай(тілші)<br>А.Баймағанбетова(тілші) | Әлеуметтік желілерде(В контакте, Фейсбук, Инстаграм<br><br>Әлеуметтік ресурстарда,<br><br>«Арқалық хабары», «Торғай», «Қостанай таңы» облыстық газеттері. Арқалық қалалық теледидары | Маусым-шілде<br>2019 ж.       |
| 4 | «Жас сарбаз курсы» ойындарын өткізуге жоспар құру                                 | М.Жүнісұлы(тілші)<br>Д.Амантай(тілші)<br>А.Баймағанбетова(тілші) | Әлеуметтік желілерде(В контакте, Фейсбук, Инстаграм<br><br>Әлеуметтік ресурстарда,<br><br>«Арқалық хабары», «Торғай», «Қостанай таңы» облыстық газеттері. Арқалық қалалық теледидары | Маусым-шілде<br>2019 ж.       |
| 5 | - Саптық байқау<br>- Мылтықпен ату<br><br>- Гранаты лақтыру, кермеге тартылу,     | М.Жүнісұлы(тілші)<br>Д.Амантай(тілші)                            | Әлеуметтік желілерде(В контакте, Фейсбук, Инстаграм                                                                                                                                  | Шілде- тамыз-қыркүйек 2019 ж. |

|                                                            |                                     |                                                                                                        |  |
|------------------------------------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| қолды бүгіп жазу.                                          | А.Баймағанбетова(<br><i>тілші</i> ) | «Аркалық хабары»,<br>«Торғай», «Қостанай<br>таңы» облыстық<br>газеттері. Аркалық<br>қалалық теледидары |  |
| - Әскерленген<br>эстафета                                  |                                     |                                                                                                        |  |
| - Алғашқы<br>медициналық<br>көмек көрсету                  |                                     |                                                                                                        |  |
| - Жалпы әскери<br>толымды кию, оқ-<br>жасақты<br>жабдықтау |                                     |                                                                                                        |  |
| - Жас армияшылар<br>кросы                                  |                                     |                                                                                                        |  |

**10. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалау бойынша өлшенетін өлшемдер:**

- ✓ Жоба туралы насихат жүргізу сипатындағы бейнефильм жасау.
- ✓ Жыл сайын, патриоттық бағыттағы клубтар мен үйірмелерге қатысатын балалардың санын 0,4 есеге арттыру.
- ✓ Жыл сайын, Қазақстан Республикасының мамандандырылған және әскери оқу орындарына түсушілер санын 0,2 есеге арттыру.
- ✓ БАҚ-да 4 мақала жариялау.
- ✓ жергілікті телеарнадан бейнефильмдер көрсету.
- ✓ Аталған қызмет түрін алушылар саны 200 адамнан кем болмауы керек

**11. Бюджеттен тыс көздерден қосымша қаражат тарту мүмкіндігі туралы ақпарат:** қосымша қаражат жоспарланған жоқ.

**12. Жобаны жүзеге асыру үшін жоғары білікті мамандарды тарту мүмкіндігі туралы ақпарат.**

Жобаға тартылатын мамандар негізінде АӘД (алғашқы әскери дайындық) және ӨҚН (өмір қауіпсіздік негіздері) бағдарламалары бойынша балалармен жұмыс жүргізуде тәжірибелері, медициналық білімі бар адамдар, іскерлік-құрылымдардың өкілдері, қоғамдық пікірдің көшбасшылары, шығармашыл және ғылыми зиялы қауым өкілдері қатысуы керек.